

Алакөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 24-3 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 3 ақпандағы № 20-14 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 21 ақпанда № 26856 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алакөл ауданы мәслихатының "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 24-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4497 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алакөл аудандық мәслихат хатшысы

С. Жабжанов